

**"Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 707 қаулысы.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 4-қосымша мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 13-жолмен толықтырылсын:

"

13	Мұғалімдер тапшылығы бар өңірлерге тартылған және бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын үздік педагогтерге	мұғалімдер тапшылығы бар өңірлердегі орта білім беру ұйымдарында жұмыс істегені үшін қосымша ақы	ЛА-дан 150 %	көрсетілген қосымша ақы 2022 жылғы қыркүйек – 2027 жылғы мамыр аралығында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 13 маусымдағы № 390 қаулысымен бекітілген Мұғалімдер тапшылығы бар өңірлерге үздік педагогтерді тиісті қолдау шараларының пакетімен тарту қағидаларын (Арнаулы бағдарлама) іске асыру кезеңінде жүргізіледі
----	--	--	--------------	--

"

2. Осы қаулы 2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі және 2027 жылғы 25 мамырға дейінгі аралықта қолданылады.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Ә. Смайылов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК